

The background is a dark blue color with several light blue circular patterns. These patterns include concentric circles, dashed lines, and solid lines, some with arrows indicating direction. There are also degree markings (140, 150, 160, 170, 180, 190, 200, 210, 220, 230, 240, 250, 260) arranged in a circular fashion, suggesting a compass or a technical diagram.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕНІЗ ҚҰҚЫҒЫ

Халықаралық теңіз құқығы – бұл сауда саласында, сондай-ақ әскери теңіз жүзулерінде, әлемдік мұхитта минералдық ресурстарды өндіру, зерттеу, игеру қатынастарында және басқа да қызмет түрлерінде қалыптасатын құқықтық нормалар мен институттардың жиынтағын көрсететін осы заманғы халықаралық құқықтың бір саласы.

Халықаралық теңіз құқығының ерекшеліктері:

1. Халықаралық құқық халықаралық құқық субъектілерімен бірге екі және одан да көп мемлекеттер арасында қалыптасатын құқықтық қатынастарды реттейді, яғни шетелдік элементі бар қатынастар;

2. Халықаралық теңіз құқығы техникалық нормалар мен тығыз байланысты құқықтық нормаларды мазмұндайды. Құқықтық нормалар адамдардың, мемлекеттердің арасындағы қатынастарды реттейді. Техникалық нормалар- адам мен техника арасындағы қатынастарды реттейді;

3. Халықаралық теңіз құқығы мемлекеттерге тиесілі жеке кемелер қатысатын қарым-қатынастарды реттейді;

4. Халықаралық теңіз құқығы теңіз кемесі мен оның иесі арасындағы бөліністік сипаты тән құқықтық қатынастарды реттеумен сипатталады.

Даму кезеңі

Халықаралық теңіз құқығы ХХ ғ. ортасынан бастап конвенциялық норма болып дами бастады. Халықаралық теңіз құқығының жүйелену процесінің үдемелі дамуының басталуының негізін БҰҰ қалады. 40-жылдардың соңы мен 50-жылдардың басы аралығында БҰҰның Халықаралық құқық комиссиясы әдеттегі құқықтық нормалар мен теңіз құқығы саласындағы жаңа нормаларды жетілдіру мақсатындағы жұмыстарды жүзеге асырды.

Теңіз құқығы туралы БҰҰ-ның бірінші Конференциясы Женевада 1958 ж. 24 ақпаны-27 сәуір аралығында өтті. Ал Теңіз құқығы бойынша 2-ші Конференция Женева қаласында 1960ж. 16 наурызынан 26 сәуірге дейін жұмыс істеді және 3-ші Конференция 1982ж. желтоқсан айында өтті.

Халықаралық теңіз құқығының негізгі қағидалары:

- 1) Ашық теңіз еркіндігі қағидасы;**
- 2) Адамзаттың ортақ мұралары қағидасы;**
- 3) Дүниежүзілік мұхитты бейбіт мақсатта пайдалану қағидасы;**
- 4) Теңіздің тірі қорларын тиімді пайдалану және сақтау қағидасы;**
- 5) Ғылыми зерттеулердің еркіндігі қағидасы;**
- 6) Теңіз ортасын қорғау қағидасы.**

Ашық теңіз еркіндігі қағидасы.

Бұл қағидаға сәйкес аумақтық теңіздің сыртқы шегіндегі теңіз кеңістіктері ашық теңіз болып саналады. Ол іс жүзіндегі халықаралық құқықта анықталған жағдайлар бойынша барлық мемлекеттердің еркін және тең пайдалануына ашық. Ешқандай мемлекеттің ашық теңіздің бір бөлігін өзінің иелігіне алуға, бағындыруға құқығы жоқ. Бұл ереже 1958 ж. ашық теңіз туралы Женева Конвенциясында бекітілген.

Адамзаттың ортақ мұралары қағидасы.

Төмендегі ережелер осы қағиданың негізгі мазмұны болып табылады:

бірде-бір мемлекет халықаралық ауданның және оның қорларының бірде-бір бөлігіне өзінің иелігін және егеменді құқығын жүргізе алмайды; мемлекеттер, жеке не заңды тұлғалар терең су қорларын меншіктене алмайды; халықаралық ауданның қорларына деген барлық құқық бүкіл адамзатқа ортақ; халықаралық ұйымның бақылауымен жеке мемлекеттер мен олардың компанияларына терең су қорларын бақылау мен өңдеуге рұқсат беріледі.

Дүниежүзілік мұхитты бейбіт мақсатта пайдалану қағидасы.

Бұл қағида конвенциялық сипаттан пайда болды. Күш қолдануға немесе күш қолданамын деп қоқан-лоқы жасауға тыйым салу қағидасы осы қағиданың басты ережелері болып табылады. Дүниежүзілік мұхитты бейбіт мақсатта пайдалану қағидасының заңды мағынасының өзі осында жатыр.

Теңіздің тірі қорларын тиімді пайдалану және сақтау қағидасы.

Ашық теңіздің барлық кеңістігінде әрбір мемлекеттің тең құқылы негізде осы кәсіппен айналыса алатын қағидасына сәйкес, балық аулау еркіндігі бұл қағиданың арқауы болып табылады. Бұл қағида мемлекеттердің екі жақты немесе көп жақты кең халықаралық ынтымақтастығын қарастырады. Осы қағиданы жүзеге асыра отырып, мемлекеттер Дүниежүзілік мұхиттың тірі қорларын сақтау, қалпына келтіру үшін өз күштерін үйлестіреді.

Ғылыми зерттеулер еркіндігі қағидасы.

Теңіз құқығы бойынша өткізілген БҰҰ-ның III конференциясы және 1982 ж. әзірленген Конвенция осы қағиданың негізі болды. Алғаш рет ғылыми зерттеулер еркіндігі ашық теңіз еркіндігінің бірі болып табылатыны белгіленді. Ол – әрбір мемлекеттің өзінің географиялық жағдайына қарамастан, құзіретті халықаралық ұйымдардың ғылыми зерттеулер мен іздестірулер жүргізе алатынын білдірді.

Теңіз ортасын қорғау қағидасы.

Халықаралық теңіз құқығында бұл қағиданың пайда болуына алғашқы әрекет теңіздің мұнаймен ластануының алдын-алу бойынша халықаралық конвенция қабылдауға байланысты 1954 жылы басталды. Бұл қағида теңіз ортасын мұнаймен, радиоактивті және басқа зиянды заттармен ластаудың алдын алуды қамтамасыз етеді. Теңіз ортасын қорғау қағидасы ядролық қаруды ауада, ғарыш кеңістігінде және су астында сынауға тыйым салады.

Қайнар көздер

- Халықаралық теңіз құқығын кодификациялау тұңғыш рет 1958 ж. ғана Женевада аумақтық теңіз және жапсарлас аймақ туралы; ашық теңіз туралы; континенттік шельф туралы; балықшылық және теңіздердегі тірі ресурстарды қорғау туралы төрт конвенция мақұлданған БҰҰ теңіз құқығы бойынша конференциясында іске асырылды. Бұл конвенциялардың қатысушы мемлекеттер үшін бүгін де күші бар. Халықаралық құқықтың көпшілікке танылған нормаларын ресми мәлімдейтін бұл конвенциялар ережелерін басқа мемлекеттер құрметтеуге тиісті.
- 1958 ж. Теңіз құқығы бойынша Женева конвенцияларының қабылдануынан кейін 60 жж. басында тәуелсіз дамушы мемлекеттер үлкен санының пайда болуы сияқты тарихи дамудың жаңа факторлары осы мемлекеттер мүдделеріне сәйкес келетін жаңа теңіз құқығын талап етті. Бұл өзгерістер аумақтық теңіздің 12-милдік шегін жалпыға танылған етіп орнатқан 1982 ж. БҰҰ теңіз құқығы бойынша конвенциясынан көрініс тапты. Бұған дейін аумақтық теңіз шегі 3-тен 12 мильге дейінгі аралықта бекітілген болатын. Жаңа конвенция теңіз жағалауы жоқ мемлекеттердің жиекке шыға алатын мемлекеттермен қатар 200 миль көлеміндегі экономикалық аймақты пайдалану құқығын бекітті.

Көрсетілген конвенциялардан басқа, халықаралық теңіз құқығы мәселелері көрініс тапқан:

- **1960 ж. теңізде адам өмірін қорғау бойынша конвенциялар;**
- **1972 ж. теңіздегі кемелердің соқтығысуын ескерту бойынша халықаралық ережелер туралы конвенциялар;**
- **1954 ж. теңіздің мұнаймен ластануын ескерту туралы халықаралық конвенциялар;**
- **1966 ж. жүк маркасы туралы конвенциялар.**

**Теңіз кеңістігі
құқықтық мәртебесі
дегеніміз не?**

Халықаралық құқықтың субъектілерінің теңізді пайдалануда, оның ішінде сауда-саттық қатынастарына, ғылыми мақсаттарда, басқа да мақсаттар үшін пайдалануда, құқықтары мен міндеттерін айқындайтын нормалар жүйесі.

2 Фактор нәтижесінде айқындалады:

- 1)Әрбір мемлекеттің өз пайдасын үшін, теңізді еркін пайдалануында
- 2)Басқа мемлекеттің мүддесі үшін: демек, халықаралық қатынастар орнату мақсатында.

Теңіз кеңістіктернің түрлері

Теңіз кеңістіктері олардың халықаралық-құқықтық тәртібі мен мәртебесіне байланысты жіктеледі. Теңіз кеңістігін жіктеудің бірінші өлшемінің негізіне теңіздегі аумақтық тәуелсіздіктің бар жоқтығы қаланған.



Ішкі
теңіз
сулары

Аймақт
ық
теңіз

Ашық
теңіз

Іргелес
теңіз

Контин
енттік
қайраң

Эконо
микал
ық
аймақ

Халық
аралық
бұғазд
ар

Архипе
лагтік
сулар

1) Ішкі теңіз сулары дегеніміз – теңіз жағалауы бар кез-келген мемлекет аймағының құрамдас бөлігі.

Ішкі теңіз сулары ұғымына аймақтың, теңіздің енін есептеуге алынған мемлекеттер жағасында және түзу негізгі сызықтарымен орналасқан сулар жатады, сонымен қатар ішкі теңіз суларына теңіз порттарының акваториялары және барлық жағалаулары, теңіздің шығанақтары жатады.

2) Аумақтық теңіз дегеніміз – жағалаудағы мемлекеттің ішкі суларына немесе аймақтық құрлығына жанасатын екі 12 теңіз ішіне дейінгі теңіз белдеуі. Аумақтық теңіз сулар құқық жағдайы ішкі мемлекеттік заңдармен қатар халықаралық актілермен де реттеледі. (1982 ж. «теңіз құқығы» бойынша БҰҰ конвенциясы).

3) Ашық теңіз дегеніміз – аймақ суының сыртқы шекарасында орналасқан теңіз және мұхит кеңістігі. 1958 ж. ашық теңіз туралы Женева Конвенциясына сәйкес (1 бап) ашық теңіз дегеніміз – аймақтың су мен кез-келген мемлекеттің ішкі теңіз суларына енбейтін теңіздің барлық бөлігі. Ашық теңіз барлық мемлекеттер үшін ашық ешқандай мемлекет оның кез-келген бөлігін өз егемендігіне бағындыруды талап етуге құқылы емес. Ашық теңіз бостандығы принципі.

1. кеме қатынасының бостандығы
2. балық аулау бостандығы
3. суасты кабельдерді және құбырлар қондыру бостандығы
4. ашық теңіз үстінен ұшу бостандығы

4) Іргелес аймақ дегеніміз – аймақ суына жанасып жатқан аудан. Іргелес аймақ дегеніміз – аймақ суы енінің бастапқы сызығын есептегенде 24 т. мильден аспайтын екі бар және аймақ суына жанасып жататын, ашық теңіздің бөлігі болып табылады, сол бөліктің шегінде жағалау мемлекеттерде жеке арнайы қарастырылған саналар бойынша бақылау жүргізу құқығын беретін теңіз ауданы.

5) Континенттік қайран (шельф) дегеніміз – теңіз түбі тігінің кенеттен ұлғайып белгіленетін жағалау сызығын тереңдігіне дейін жаналып жататын материктер айналасындағы суасты жазығы.

б) Айрықша экономикалық аймақ дегеніміз – аумақ суы және аумақ суының енінен өлшенетін сызықтан бастап, екі 200 т. миль есептегендегі аудан. Айрықша экономикалық аймақ мемлекеттің территориясына кірмейді және оған халықаралық құқықтар мен ерекше құқық жағдай бекітіледі.

7) Теңіз түбінің халықаралық ауданы дегеніміз – адамзаттың жалпы мұрасы болып табылады. Конвенцияның (1982 ж.) 136 бабына сәйкес континенттің қайраннан тыс ауданы түбінің халықаралық ауданы болып табылады.

8) Архипелагтік сулар дегеніміз – архипелаг мемлекеттің төңірегін теңіздің басқа бөлімдерінен түзу негізгі сызықтармен шекараласатын, архипелагтың теңіздегі ең алыстатылған аралдары нүктесімен кебул теңіз жартастағы құрамына кіретін аралдар арасында орналасқан сулар.

9) Теңіз каналдарының құқық мәртебесі теңіз каналдар дегеніміз – теңіз жолдарының ұзындығын қысқарту үшін теңіз кеңістігін қосатын жасанды су жолдары.